

## Дизель отынын және бензин босату туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 26 қыркүйектегі N 324

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің мемлекеттік резервтен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне 7 мың тонна дизель отынын және 1 мың тонна бензин бөлу туралы ұсынысы қабылданын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің материалдық резервтер жөніндегі комитеті жоғарыда аталған мақсатқа арнап, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің кепілді міндеттемесімен мемлекеттік резервтен брондау тәртібімен, оларды 1997 жылғы 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік резервке қайтару және республикалық бюджеттің кірісіне бір тонна дизель отынына - 11375 теңге және бензинге 17 000 мың теңге нарық бағасына орай тауар несиесін пайдалану кезеңі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша процент төлеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1993 жылғы 10 қыркүйектегі N 389, 1994 жылғы 28 қыркүйектегі N 391, 1996 жылғы 28 тамыздағы N 404 R960404\_, 1997 жылғы 3 мамырдағы N 125 R970125\_ өкімдеріне және Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 сәуірдегі N 601 қаулысына сәйкес бұрын алынған жанар-жағар материалдар үшін 427834000 (төрт жүз жиырма жеті миллион сегіз жүз отыз төрт мың) теңге сомасындағы борыштарын 1997 жылғы 10 желтоқсанға дейін өтеу туралы кепілдеме шартымен 7 мың тонна дизель отынын және 1 мың тонна бензин босатын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі (Павлов А.С.) жанар-жағар материалдарды қайтаруды кешіктірген және борыштарды өтемеген жағдайда, жоғарыда аталған мерзімде облыстың бюджетінен құнын өндіріп алсын.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ө.Е.Шүкеевке жүктелсін.

Премьер - Министрдің

міндетін атқарушы